

БЕКІТЕМІН  
Халықаралық Тараз  
инновациялық институтының  
ректоры, филол.ғ. д., профессор  
Саурықов Е.Б.  
« 03 » 03 2022г.



**Халықаралық Тараз инновациялық институтында  
Педагогикалық білім беруді дамыту**

**ЖОЛ КАРТАСЫ**

ТАРАЗ – 2022

## **Кіріспе**

ХТИИ-да Педагогикалық білім беруді дамытудың Жол картасы (бұдан әрі - Жол картасы) педагогикалық білім беруді дамытуды жүзеге асыру мақсатында әзірленді, педагогикалық білім беруді жаңғырту мен педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жол картасын жүзеге асыру шеңберінде ХТИИ педагогикалық білім беруді дамытуға бағытталған мақсаттар мен міндеттер белгіледі, сондай-ақ кезең-кезеңімен шешуді қамтамасыз ететін педагогикалық бағыттағы білім алушылардан күтілетін жоғары нәтижелерге бағытталған іс-шаралар айқындалды.

### **1. Жалпы ереже**

Халықаралық Тараз инновациялық институтында педагогикалық білім беруді дамыту іс-шараларын іске асыру мақсатында осы Жол картасы әзірленіп, бекітілді.

Осы Жол картасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламалары, іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру (2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 өзгерістермен және толықтырулармен) заңнамасы, педагогикалық білім беруді дамыту мәселелері бойынша 14.02.2022 жылғы кеңес қорытындысы бойынша тапсырмалар (ҚР БЖҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының 15.02.2022 ж. №14-4/211-ВН хатымен) басшылыққа алынды.